

**"Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2008 жылғы 11 шілдедегі N 10/3-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 24 шілдеде N 5-19-79 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 28/5-IV шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2010.04.16 N 28/5-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 6-бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 97-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2004 жылғы 9 қыркүйектегі № 949, «Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» 2006 жылғы 15 маусымдағы № 553 қаулыларына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Шемонаиха аудандық мәслихатының «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3-IV (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-19-71 нөмірмен тіркелген, 2008 жылғы 7 наурыздағы «Уба-Информ» газетінің № 10 санында жарияланған, «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 2 ақпандағы № 6/3-IV шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 8/4-IV, нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-19-76 болып тіркелген шешімімен, 2008 жылғы 23 мамырдағы «Уба-Информ» газетінің № 21 санында жарияланған; Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 12 ақпандағы № 6/3-IV шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 19 маусымдағы № 9/4 - IV, нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-9-77 болып тіркелген шешімімен енгізілген

өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, 2008 жылғы 10 шілдедегі «Уба-Информ» газетінің № 28 «санында жарияланған»), шешіміне мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

Атауында және шешімнің барлық мәтінінде Нұсқаулық деген сөз Ереже деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

1- бөлімнің 5-тармағы «Жалпы ережелер» жаңа редакцияда жазылсын: «Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтынуға шекті жол берілетін шығыс үлесі отбасының жиынтық кірістерінің 6 пайызы мөлшерінде б е л г і л е н е д і » .

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейінгі 10 күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Ә.О. БАЯНДИНОВ*

*Ш е м о н а и х а*

*а у д а н д ы қ*

*мәслихатының хатшысы*

*А.М. БОРОВИКОВ*